

Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 99 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1126 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2015 № 1126 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы е т е д і :**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап бір ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 20 қаңтардағы

N 99 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидасы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Мәтіндегі «Сенімді», «сенімді» деген сөздер «Сенімгерлік», « сенімгерлік» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Осы Қағида мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу және болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Мемлекеттік қызмет туралы " 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада пайдаланылған ұғымдар:

1) Сенімгерлік басқару - сенімгерлік басқарушының сенімгерлік басқаруға арналған шартпен белгіленген өкілеттіктің шегінде мемлекеттік қызметшінің мүддесінде немесе ол көрсеткен басқа тұлғалардың (пайда табушының) мүддесінде жүзеге асыратын, оның иелігіне, пайдалануына және билік етуіне берілген мемлекеттік қызметшінің мүлкін өз атынан басқару жөніндегі қызметі;

2) сенімгерлік басқару объектілері - осы тұлғаларға заңды түрде тиесілі ақшадан, сондай-ақ мүліктік жалға берілген өзге де мүліктен басқа пайдалану кірістер алуға әкелетін, мемлекеттік қызметшіге меншік құқығымен тиесілі коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы акциялары, қатысу үлестері, сондай-ақ өзге де мүлкі;

3) сенімгерлік басқарушы - тиісті шарттың негізінде мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшінің таңдауы бойынша кез-келген адам.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Мемлекеттік қызметші заңдардың талаптарын ескере отырып, өз қалауы бойынша сенімгерлік басқарушыға берілетін құқықтық күштің көлемін айқындайды.

3. Мемлекеттік қызметшінің сенімгерлік басқаруға берілген мүліктен кіріс алуға құқығы бар.

2. Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлік басқаруға берудің негіздемесі мен тәртібі

4. Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлік басқару:

1) мәмілелердің;

2) әкімшілік актінің негізінде пайда болады (құрылады).

5. Мемлекеттік қызметші қызметке кіріскеннен кейін бір айдың ішінде мемлекеттік қызметті атқару уақытына осы Қағиданың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мүлікті сенімгерлік басқаруға береді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Мемлекеттік қызметші мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі нотариалды куәландырылған күнінен бастап он күн мерзімде жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның кадр қызметіне б е р е д і .

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Тараптардың біреуі мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шартты бұзған жағдайда, мемлекеттік қызметші бұл туралы жұмыс орны бойынша кадр қызметіне бір ай мерзімде хабарлайды, ал сенімгерлік басқаруға беруге жататын мүлік шарт бұзылғаннан кейін бір ай мерзімде осы Қағидада белгіленген тәртіппен шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесін жұмыс орны бойынша кадр қызметіне беріп, қайтадан сенімгерлік басқаруға беріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарт мерзімінің аяқталуы, оның қолданылуының тоқтатылуы немесе қайта жасасу туралы одан кейінгі кез-келген ақпаратты мемлекеттік қызметші көрсетілген оқиғалар орын алғаннан кейін бір ай ішінде жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның кадр қызметіне ұсынады.

Мүлікті сенімгерлік басқару шарты қайтадан жасалған кезде оның нотариалды куәландырылған көшірмесі осы Қағидада белгіленген тәртіппен жұмыс орны бойынша мемлекеттік органның кадр қызметіне беріледі.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.12 № 508 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Мүлкін сенімгерлік басқаруға беретін мемлекеттік қызметші құқықтарының кепілдіктері

9. Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлік басқаруға беруіне қатысты мәлімет жариялауға жатпайды және мемлекеттік органдардың қызметтік ақпаратын құрайды.

Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.27. N 958 қаулысымен.

10. Осы мәліметтерді жария еткені үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес пайда болады.

4. Қорытынды ережелер

11. Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлік басқаруға арналған шарттың көшірмесі оның жеке басының ісінде сақталады.

12. Мемлекеттік қызметшінің жұмыс істейтін жері бойынша мемлекеттік органның кадр қызметі ұсынылған құжаттардың сақталуы мен алынған ақпараттардың құпиялылығын қамтамасыз етеді. Мұндай тұрғыдағы ақпаратқа кіруге мемлекеттік органның басшысы мен оның орынбасарларына, орталық атқарушы органның жауапты хатшысына (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғасына), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен құқық қорғау органдарына рұқсат етіледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.25 N 283 Қаулысымен.

13. Мүліктің сенімгерлік басқаруға берілгені туралы ақпарат ұсынбау немесе жалған ақпарат ұсыну тәртіптік жаза қолдану үшін негіздеме болып табылуы мүмкін.